

## 2022-2023 оқу жылындағы 2 «А» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық есебі

Жаңа оқу жылында оқу-тәрбие бағдарламасы бойынша жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша осы тақырыптарда мақсаттар мен міндеттемелер басшылыққа алынды. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, отбасылық және дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын ұстану, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру. 2 «А» класына жыл басында 8 оқушы қабылданып, 8 оқушы жылды аяқтады. Жыл басында оқушылардың мінез-құлқын, зейінін, ынтасын қалыптастыру ұйымдастыру айлығы өткізілді. Сабақ барысында оқушылардан сурет салу, ермексазбен жұмыс жасау арқылы ой-өрісін дамыту мақсатында көптеген жұмыстар жасалынды. Оқушылар сабақтарға белсене араласты. Әр мереке күндері басқа да ұйымдастырылған шараларға оқушылар жақсы қызығушылықпен қатысты. Оқушылар жыл бойы мектепшілік ұйымдастырылған түрлі шараларға белсене араласып, түрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталды. Республикалық «Пони» олимпиадасына оқушылар катысып, оқушылар дипломдармен, мақтау қағаздарымен марапатталды. Мектепшілік бастауыш кластар арасында ұйымдастырылған «Көркем жазамын» атты көркем жазу үлгілері сайысында 2 оқушы өте жақсы деген марапатқа ие болды. «Ұстаз — ұлы тұлға», «Жасыл шырша жанында», «Ақиық ақын - М.Мақатаев» «Патриоттық әндер», «Махамбет оқулары» атты тақырыпта өткізілген мектепшілік түрлі сайыстарда өз өнерлерін көрсетті. М.Мақатаев оқуларынан ақын өлеңдерін жатқа айту сайыстарына белсене қатысты.

Сынып жетекшісі: Унгарова С.М.